

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 19 наурыз

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Д.Н. НАЗАРБАЕВА жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті сенаторлар, шақырылған лауазым иелері! Сенаттың кезекті отырысын бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 42 депутат. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, 15 наурызда әріптесіміз Әкімов Рашит Қайыржанұлының туған күні болды. Құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, депутаттық қызметіңізге табыс тілейміз!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Келісесіздер ме? Басқа ұсыныстар жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібіне дауыс берейік. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 42 депутат, «жақтағандар» – 42, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі алғашқы үш заң жобасы Қазақстан мен Бразилия арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек, ұстап беру және сотталған адамдарды беру туралы шарттарды ратификациялау жөнінде. Бұл заң жобалары бір-бірімен байланысты, сондықтан бірге қарауды ұсынамын.

Алдымен үш заң жобасы бойынша бір баяндама тыңдап, сұрақтар мен жауаптарға көшсек, содан кейін қосымша баяндамашыларды тыңдап, талқылау өткізіп, жеке-жеке шешім қабылдайық.

Қарсылық болмаса, осы үш мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары Ахметжанов Марат Мұратұлына беріледі.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, қадірлі депутаттар! Сіздерге Қазақстан мен Бразилия арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек, қылмыскерлерді экстрадициялау, сотталған адамдарды беру туралы үш шартты

ратификациялау мақсатында келіп отырмыз. Бразилиямен осындай шарттар жасау біз үшін маңызды.

Айта кетейін, Бразилия біздің тәуелсіздігімізді алдымен таныған елдердің бірі, жер шалғай болғанмен өзара байланысымыз тығыз. 2016 жылдан бері екі ел арасында визасыз режим орнаған. Соңғы жылдары туристер саны көбейіп келеді. Мысалы, былтыр 1 мыңнан астам адам келген. Дегенмен арасында миграциялық заңды бұзатындар, тіпті қылмыс жасау фактілері бар. Қазір біздің бір азамат сонда түрмеде отыр.

Енді шарттарға келсек, оларға 2018 жылы Қазақстанда қол қойылды.

Біріншісі, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы. Ол шарт күдікті адамның кінәсін дәлелдеу үшін қажетті тергеу амалдарын жүргізуді көздейді. Мысалы, тергеу амалдарын жүргізу, куә ретінде айғақ алу, сұрау салу, жағдайға сараптама жасау, активтерді қайтару және басқалары.

Шарт бойынша екі елдің тергеу органдары өзара келісіп, бір-біріне басқа да көмек бере алады.

Екіншісі, ұстап беру туралы. Ол іздеуде жүрген адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту мен сот үкімін орындау үшін экстрадициялау мәселесін реттейді. Шартта ұстап берудің және одан бас тартудың нақты негіздері көрсетілген. Оның барлығын айтып жатпайын, сұрақ болса, түсіндіріп беремін.

Үшіншісі, сотталған адамдарды беру туралы. Бұл шарт сотталғандарға жазасын елінде өтеуге мүмкіндік береді. Конституциямыздың 11-бабы бойынша мемлекет тыс жерде жүрген азаматтарын қорғау және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді. Яғни біздің азаматтарымыз шетелде қылмыс жасаса, оларды қорғауға тиіспіз.

Бразилия қазір түрмелер саны бойынша 20-шы орында, Қазақстан 100-ші орында. Сондықтан Бразилияның түрмесінде отырған біздің азаматтарға оңайға түсіп жатқан жоқ. Бразилияның түрмесінде біздің төрт азамат отыр, қазір біреуінен елге қайтару бойынша бізге ұсыныс келіп түсті. Осы шарт ратификацияланғасын сол жұмыстарды жасаймыз.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұл шарттар ратификациялауға жатады, себебі олар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты.

Шарттарды ратификациялау теріс әлеуметтік, экономикалық және саяси салдарға әкелмейді.

Құрметті депутаттар, қолдауларыңызды сұраймыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Марат Мұратұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.

Слово для содоклада по законопроекту «О ратификации Договора между Республикой Казахстан и Федеративной Республикой Бразилия о взаимной правовой помощи по уголовным делам» предоставляется председателю Комитета по

конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Договор предусматривает проведение следственных действий, необходимых для доказывания вины подозреваемых и обвиняемых. Также определены условия и порядок оказания правовой помощи и основания отказа в ней.

За годы независимости Казахстан на двусторонней основе заключил подобные договоры с 29 странами и является участником ряда многосторонних соглашений.

Граждане нашей страны чаще стали выезжать за рубеж. Так, по информации Министерства национальной экономики, по состоянию на конец 2019 года Казахстан посетило более 16 миллионов иностранцев из 105 стран мира, выехало на посещение других стран более 10 миллионов казахстанцев.

Граждане, находясь за рубежом, попадают в разные жизненные ситуации, к сожалению, не только радостные. Следовательно, необходимость правового регулирования данных отношений возрастает. В этих случаях положения договора призваны сделать возможным реализацию пункта 2 статьи 11 Конституции Республики Казахстан, который гарантирует своим гражданам защиту и покровительство за ее пределами. Одной из форм такой гарантии является правовая помощь по уголовным делам.

В настоящее время, как уже отметил докладчик, по данным официальной статистики, 978 граждан Республики Казахстан осуждены за рубежом и 1444 иностранца осуждены в Казахстане. Так, например, в Бразилии в 2018 году на 8 лет осуждена гражданка Казахстана. И она, конечно же, нуждается в правовой помощи. Граждан Бразилии, отбывающих наказание в Казахстане, нет.

В 2019 году компетентными органами иностранных государств исполнено 434 следственных поручения правоохранительных органов об оказании помощи по уголовным делам в отношении граждан Республики Казахстан. Рассмотрено 488 аналогичных ходатайств, поступивших из иностранных государств.

Ратификация договора будет способствовать установлению в Казахстане международного правового режима, направленного на повышение эффективного сотрудничества обеих стран в борьбе с преступностью.

Уважаемые депутаты, все комитеты и Аппарат Сената представили свои положительные заключения. Законопроект прошел необходимые стадии обсуждения.

С учетом изложенного Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует принять Закон Республики Казахстан «О ратификации Договора между Республикой Казахстан и Федеративной Республикой Бразилия о взаимной правовой помощи по уголовным делам».

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Құрметті әріптестер, енді Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Бразилия Федеративтік Республикасы арасындағы адамдарды ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Бүгінде еліміздің Бразилия Федеративтік Республикасымен дипломатиялық ынтымақтастығы 25 жылдан астам қарқынды дамып келеді. Бұл екі ел арасындағы сауда, ауыл шаруашылығы, туризм және инвестиция сияқты салалардағы ынтымақтастықты арттыруда.

Қазіргі кезеңде халықаралық қатынастар жедел дамып, техникалық прогресс өркендей түскен уақытта бір мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған адам оның шегінен шығып, басқа мемлекеттің аумағында жасырынып, қылмыстық әрекетін жалғастыруы мүмкін екені баршаға мәлім.

Осыған орай мемлекеттердің мұндай әрекеттерге тосқауыл қою жолындағы өзара күш-жігерді біріктіре отырып, қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру институтын дамытуды қолға алып, халықаралық құқықтық қарым-қатынасты тереңдете түсу – заңдылық.

Осы ретте бүгін сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған шарт қылмыстық қудалауды жүзеге асыру немесе сот үкімін орындау үшін іздестіріліп жатқан адамдарды ұстап беру мәселелерінде Бразилиямен қарым-қатынасты реттеу арқылы қылмыспен күресудің тиімділігін арттыру мақсатында әзірленген.

Сондай-ақ шартта ұстап беру және одан бас тарту үшін нақты негіздер айқындалған. Шартты жүзеге асыру тиімді халықаралық құқықтық белсенділікті нығайта түседі. Сонымен бірге адам құқықтарын қорғау дәрежесін халықаралық деңгейге сәйкестендіреді.

Заң жобасы комитеттердің кеңейтілген отырысында жан-жақты талқыланды, оң қорытындылар алынды. Осы айтылғандарды ескере отырып, аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Рысқали Қалиақбарұлы.

Келесі сөз Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Бразилия Федеративтік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасы мен Бразилия Федеративтік

Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Хаттаманы ратификациялау келісімге сәйкес мемлекеттер арасында сотталған адамдарға бас бостандығынан айыру жазасын одан әрі өз отанында өтеу мүмкіндігін беру жөнінде шарт жасасу болып табылады.

Жалпы алғанда, елден тыс жерде сотталған біздің азаматтарға қаржы тапшылығы мен тілдік кедергілерге байланысты туыстарымен кездесуі, негізгі қажеттіліктердің жеткілікті мөлшерде қамтылуы қиындыққа соғатыны белгілі. Сондықтан келісімшарт шетелдіктерге және біздің азаматтарымызға басқа елде қылмыс жасаған жағдайда өз отандарында жазаларын өтеп, босатылған кезде қоғамға тез арада бейімделіп, өзіне жақын ортаға қосылуына мүмкіндік береді және әлеуметтік жағынан оңалтуға оң әсерін тигізеді.

Заң жобалары бойынша заң бастамашыларымен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының отырыстары өткізілді және жан-жақты талқыланды.

Сенат комитеттерінен заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 29-бабының 1-ші және 7-тармақшаларын басшылыққа ала отырып, Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Бразилия Федеративтік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес оны қабылдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Ал енді заң жобаларын талқылауға көшеміз.

Сөз сөйлеймін деушілер бар ма? Сенатор Сафинов.

САФИНОВ Қ.Б. Уважаемая Дарига Нурсултановна! Уважаемые депутаты! Я хотел бы выступить в поддержку обсуждаемых договоров.

Взаимная выдача разыскиваемых лиц для привлечения к уголовной ответственности или приведения приговора суда в исполнение является неотъемлемой составляющей принципа уголовного права – неотвратимости наказания за совершение преступления.

Поэтому развитие института экстрадиции на сегодня является актуальным для нашей страны. Свидетельством тому выступает количество стран, с которыми Казахстан заключает международные договоры в уголовно-правовой сфере в последнее время.

Предлагаю своим коллегам поддержать ратификацию Договора между Республикой Казахстан и Федеративной Республикой Бразилия о выдаче лиц.

В случае ратификации второго Договора между Республикой Казахстан и Федеративной Республикой Бразилия о взаимной правовой помощи по уголовным делам

у казахстанских правоохранительных и специальных органов появится возможность получать от бразильской стороны доказательства, направленные на доказывание вины подозреваемых и обвиняемых, возвращать в страну похищенные и выведенные за рубеж денежные средства, возмещать причиненный преступными посягательствами ущерб потерпевшим.

Кроме того, все вы знаете, что Бразилия является не только крупнейшей страной в Латинской Америке, но и имеет значительный вес в политическом аспекте. Она также является самым крупным экономическим партнером Казахстана среди латиноамериканских государств (товарооборот за 2019 год составил около 300 миллионов долларов США). Поэтому заключение данного договора является своевременной и необходимой мерой.

Ратификация Договора между Республикой Казахстан и Федеративной Республикой Бразилия о передаче осужденных лиц направлена на реализацию статьи 11 Конституции нашей страны, которая обязывает государство обеспечивать своим гражданам защиту и покровительство за его пределами.

Кроме того, договор носит гуманный характер, так как он предоставит гражданам обеих стран возможность отбывать наказание у себя на родине, что, в свою очередь, ускорит процесс реабилитации и интеграции осужденных лиц в среде своего социального происхождения.

Кроме того, с 2017 года между Казахстаном и Бразилией действует безвизовый режим, имеются тесные торговые отношения.

В этой связи прошу поддержать ратификацию вышеназванных договоров. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Канатбек Бейсенбекович.

Басқа сөйлейтіндер жоқ, осымен талқылау аяқталды. Дауыс беру рәсіміне көшеміз.

Алдымен «Қазақстан Республикасы мен Бразилия Федеративтік Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 42 депутат, «жақтағандар» – 42, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды.

Келесі «Қазақстан Республикасы мен Бразилия Федеративтік Республикасы арасындағы адамдарды ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 42 депутат, «жақтағандар» – 42 «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасы мен Бразилия Федеративтік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 42 депутат, «жақтағандар» – 42 «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды.

Бразилия бойынша үш заң қабылданды. Шақырылған азаматтарға рақмет. Аман-сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 15 тамыздағы Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассіі паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Ержанов Аманияз Қасымұлына беріледі.

ЕРЖАНОВ А.Қ. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «2014 жылғы 15 тамыздағы көлік құралы паспортының (көлік құралы шассіі паспортының) және өздігінен жүретін машина мен техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйесін ұйымдастыру туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

Осы хаттамамен Армения Республикасы келісімге қосылады және электрондық паспорттар жүйесін енгізу бойынша міндеттемені өзіне алады.

Келісім бірыңғай кеден аумағында көлік құралдарының, өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің еркін айналысын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға ықпал етеді, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінің аумағында өндірілген және тіркеуге жататын көлік құралдары мен техниканың басқа да түрлеріне берілетін паспорттың бірыңғай, оның ішінде электрондық нысандарын қолдану мәселелерін реттейді.

Осы келісімді іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылдың 22 қыркүйегіндегі №122 шешімімен электрондық паспорттар жүйесінің жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ көлік құралдарының және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу тәртібі мен құрылымы бекітілді.

2019 жылғы 13 мамырда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №270 қаулысымен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы электрондық паспорттар жүйесінің ұлттық операторы болып анықталды. Ол Қазақстан Республикасы аумағында жүйенің жұмыс істеуін, сондай-ақ жүйенің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылын толық қамтамасыз ететін болады.

Қазіргі уақытта «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы және жүйелер әкімшісі «Электрондық паспорт» акционерлік қоғамы өзара іс-қимыл мәселелерін пысықтап, жүйенің жеке бағдарламалық қамтамасыз етуін әзірлеуді бастады.

№122 шешімге сәйкес көлік құралдары бойынша электрондық паспорттарды енгізу мерзімі 2020 жылдың 1 қарашасына, өздігінен жүретін машиналар бойынша 2021 жылдың 1 қарашасына дейін бекітілді.

Көрсетілген заң жобасын қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасын кейіннен осы жобаға сәйкес келтіруді талап етпейді және мемлекеттік бюджеттен қаржы

шығындарына әкеліп соқтырмайды. Осыған байланысты заң жобасын қолдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Аманияз Қасымұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.

Слово для содоклада предоставляется члену Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству Бортнику Михаилу Михайловичу.

БОРТНИК М.М. Уважаемая Дарига Нурсултановна! Уважаемые коллеги! Напомню, что основное Соглашение о введении единых форм паспорта транспортного средства (паспорта шасси транспортного средства) и паспорта самоходной машины и других видов техники и организации систем электронных паспортов от 15 августа 2014 года, к которому присоединяется Республика Армения, ратифицировано нашим Парламентом в 2015 году и регулирует следующие вопросы:

1) применение единых форм паспорта транспортных средств, произведенных на территориях государств сторон и подлежащих регистрации на их территориях;

2) применение электронных паспортов транспортных средств, подлежащих государственной регистрации на территориях государств, подписавших данное соглашение.

Отмечу, что до принятия соглашения законодательства государств-членов, регулирующие вопросы оформления паспортов транспортных средств, имели ряд существенных различий. Такие различия, в том числе в процедурах оформления паспортов, негативно сказывались на свободном обращении транспортных средств, самоходных машин и других видов техники в рамках ЕАЭС.

В этой связи соглашение позволило обеспечить общий подход к организации контроля за соответствием конструкции и технического состояния выпускаемых в обращение на территории ЕАЭС транспортных средств требованиям технических регламентов.

Особо подчеркну, что переход от бумажных форм паспортов к электронным обеспечит недопущение выпуска в обращение на территории ЕАЭС техники, не соответствующей установленным требованиям безопасности, а также позволит создать единую базу данных транспортных средств, самоходных машин и других видов техники, выпускаемых в обращение на территории ЕАЭС, и возможность предоставления технической и иной информации о таком транспорте.

Рассматриваемый сегодня протокол предусматривает присоединение Республики Армения к вышеуказанному соглашению со всеми имеющимися обязательствами.

Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по данному законопроекту не имеют.

В соответствии с нормами Закона Республики Казахстан «О международных договорах Республики Казахстан» протокол подлежит ратификации.

С учетом изложенного Комитет по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству рекомендует принять данный законопроект. Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Михаил Михайлович.

Мәселені талқылауға көшеміз.

Сөз сөйлейтіндер бар ма? Сенатор Әділбеков.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған келісім Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің аумағында өндірілген және тіркеуге жататын көлік құралдары мен техниканың еркін айналысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл заң жобасының мақсаттары:

одақтың аумағында белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін техниканы айналымға шығаруға жол бермеу;

одақ аумағында айналымға шығарылатын көлік құралдарының бірыңғай дерек қорын құруды және мұндай көлік туралы техникалық және өзге де ақпаратты ұсыну мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады.

Аталған жұмыстарды іске асыру үшін нормативтік құқықтық база бар, тиісті құжаттар қабылданды.

Бүгінгі қаралып отырған хаттама Армения Республикасының жоғарыда көрсетілген келісімге барлық міндеттемелермен қосылуын көздейді.

Құрметті әріптестер, жоғарыда аталғандарды ескере отырып, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сөйлейтіндер жоқ, талқылау аяқталды. Енді шешім қабылдайық.

«2014 жылғы 15 тамыздағы Көлік құралы паспортының (көлік құралының шасси паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 42 депутат, «жақтағандар» – 42, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар

мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Смайылов Әлихан Асханұлына беріледі.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылды.

Қырғыз Республикасы екі жыл ішінде үшінші елдермен шекарадан өткізу пункттерін жайластыруды және материалдық-техникалық жарақтандыруды қамтамасыз ету міндеттемесін алған. Сонымен бірге мерзімдерді ұзарту бойынша қырғыз тарапы бастама жасады. Өткізу пункттерін жаңғырту жұмыстарын аяқтау үшін оларға қосымша уақыт қажет болып тұр.

Мемлекеттердің басшылары Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысының шеңберінде «24 айдан 48 айға», яғни 2019 жылдың 12 тамызына дейін өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қойды. Дегенмен бұл мерзімде де қырғыз тарапы үлгерген жоқ. Осыған орай 2019 жылғы 29 мамырда Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттердің басшылары Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысының шеңберінде «48 айдан 72 айға», яғни 2021 жылдың 12 тамызына дейін өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қойды. Алайда бұл жақын арада сіздердің қарауларыңызға енгізілетін басқа хаттаманың нысанасы болады.

Хаттаманы ратификациялау Қазақстан тарапы үшін ешқандай салдарға әкеп соқтырмайды және өзгеріс енгізу заңды сипатқа ие.

Сіздерден осы хаттаманы ратификациялау үшін оң шешім қабылдауды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әлихан Асханұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Еуразиялық экономикалық одақты құру идеясы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі.

Аталған құжат одаққа қатысушы елдердің экономикаларын дамыту үшін ұзақ мерзімді тұрақты жағдайларды қамтамасыз ететін еуразиялық интеграцияның дамуына бастау береді, сондай-ақ төрт еркіндікті: тауарлар, капитал, қызметтер және жұмыс күшінің еркін қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды.

Бүгінде еңбек етушілер одақ ішінде еркін қозғалып, қосымша талаптар мен рұқсаттарсыз жұмыс істейді. Сонымен қатар одақ ішіндегі сауда кедергілерімен күрес институтталды, 2016 жылдан бастап 51 кедергі жойылды. Соңғы жылдары одақ ішіндегі өзара тауар айналымы шамамен 32 пайызға өсті.

2014 жылғы 4 желтоқсанда Армения Парламенті елдің Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуы туралы шартты ратификациялады. 2014 жылдың 23 желтоқсанында Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында Қырғызстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуы туралы шартқа қол қойылды. 2015 жылдың 1 қаңтарында Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шарт күшіне енді. 2015 жылдың 2 қаңтарында Армения Еуразиялық экономикалық одаққа ресми түрде кірді. 2015 жылдың тамыз айында Қырғызстанның Еуразиялық экономикалық одаққа кіру рәсімі аяқталды.

Қаралып отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер басшыларының 2018 жылғы 14 мамырда қол қойған заң жобасымен Қырғыз Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттерін жайластыру және материалдық-техникалық жабдықтау мерзімін тағы екі жылға ұзарту ұсынылады.

Заң жобасы жұмыс тобының, комитеттің кеңейтілген отырыстарында қаралды.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің заң жобасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес қаралып отырған хаттама ратификациялауға жатады.

Баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 42-тармағына сәйкес «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Заң жобасын қабылдауды ұсынамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлімжан Сейітжанұлы.

Сөз Еңсегенов Сәрсенбай Құрманұлына беріледі.

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. Рақмет.

Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Бүгін Сенаттың отырысында қаралып, талқылауға түскен заң жобасын қолдау туралы бас комитеттің ұсынысына мен де қосыламын. Аталған заң жобасы комитеттің отырысында қаралған болатын.

Қырғыз Республикасы – Экономикалық одаққа кіретін біздің одақтас мемлекет, іргелес жатқан ел. Сондықтан оның үшінші мемлекеттермен шекарадан өткізу пункттерін талапқа сай келтіру міндетін орындау үшін мүмкіндік беру туралы мемлекет басшылары қол қойған хаттама одаққа кіретін мемлекеттер үшін маңызды және олардың әрқайсысы бұған мүдделі.

Міне, осы жағдайды ескере отырып, 2018 жылғы 14 мамырда одаққа кіретін мемлекеттер басшылары қырғыз мемлекетіне мүмкіндік беріп, оны екі жылға ұзартқан. Ол туралы айтылды. Бұл хаттамада көрсетілген мерзім 2019 жылдың 12 тамызында аяқталды.

Қарап отырсақ, мемлекет басшылары қол қойған уақыттан бері күні бүгінге дейін 1 жыл 10 ай немесе 22 ай өткен.

Хаттамада көрсетілген қырғыз мемлекетіне берілген мерзім 2019 жылғы 12 тамызда аяқталды деп айттым, яғни мерзімнің аяқталғанынан бермен қарай 10 ай өтті. Шын мәнінде бүгінгі қаралып жатқан құжаттың мағынасы, мәні жойылды. Себебі 2019 жылы бүкіл мемлекет басшылары бұл мәселені қарап, екінші хаттама қабылдап, Қырғыз Республикасына 2021 жылға дейін уақыт беріп отыр. Ол хаттама әлі күнге шейін жоқ.

Менің түсінбейтін нәрсем, екі баптан тұратын жарты бет хаттаманы 22 ай бойы созудың қандай қажеттілігі бар? Министрлік, Үкімет, Премьер-Министрдің Кеңесі осыншама уақыт не істеп жүр?

Шын мәнінде бүгін біздер, Парламент, осы заңды мақұлдаған Мәжіліс, бүгін қабылдайын деп отырған Сенат техникалық рәсімдеуші ғана, соның рөлін атқарушы болып отырмыз.

Құрметті Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Әлихан Асханұлы, жалпы Үкіметтің тарапынан Парламентті қолжаулыққа айналдыру тәжірибесін тоқтату керек деп есептеймін. Сіздер бізді тығырыққа тіреп отырсыздар, жол қалдырмай отырсыздар. Аталған хаттаманы ратификациялауға қарсы келуге болмайды, қабылдасақ мынандай жағдайға бізді сіздер итермелеп жеткізіп отырсыздар. Сондықтан алдағы уақытта мұндай нәрселерге мән беріп, оның болдырмау жолын қарастыру қажет деп есептеймін және осы мәселеде жауапсыздық танытқан тиісті мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің жауапкершілігін қарап, шара қабылдап, хабарласаңыз деген ұсынысым бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз сенатор Жолдасбаевқа беріледі.

ЖОЛДАСБАЕВ М.С. Уважаемая Дариға Нурсултановна! Уважаемые коллеги! Мы заслушали основного докладчика Алихана Асхановича и содокладчика Алимжана Сейтжановича, где были освещены все основные положения данного законопроекта.

Являясь депутатом от Жамбылской области, я не понаслышке знаю ситуацию на пропускных и таможенных пунктах соседнего государства. Все основные пункты пропуска Республики Кыргызстан находятся именно на границе с Жамбылской областью.

Данным законопроектом предусматривается создание условий для обеспечения обустройства и материально-технического оснащения пунктов пропуска для обеспечения необходимого контроля ввоза и вывоза товаров по требованию законодательства ЕАЭС.

С учетом изложенного, уважаемые коллеги, прошу поддержать данный законопроект. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Осымен талқылау аяқталды. Енді шешім қабылдайық.

«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 42 депутат, «жақтағандар» – 42, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Аман-сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда бүгінгі күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды.

Уважаемые коллеги! Как вы знаете, в стране объявлено чрезвычайное положение. Это своевременно принятая, крайне необходимая мера, мы все это хорошо понимаем. В этой связи мною подписано соответствующее распоряжение.

На период действия чрезвычайного положения отменяются все командировки и плановые публичные мероприятия. А законотворческая работа продолжается.

Хочу обратить ваше внимание, что мы должны по возможности ограничивать количество приглашенных на заседания Палаты и комитетов. Большую часть работы с документами можно вести дистанционно. Для этого у нас есть все технические возможности.

Более 70 сотрудников Аппарата переведены на режим работы из дома, остальным сотрудникам установлен сокращенный рабочий день.

В здании Сената несколько раз в день проводятся необходимые санитарно-эпидемиологические работы. Их проведение находится на постоянном контроле ответственных должностных лиц.

Уважаемые коллеги! Принимаемые сегодня нашим государством меры по профилактике коронавирусной инфекции профессионально выверенные и правильные. Хочу особо подчеркнуть, что эти меры необходимые и достаточные, надеюсь. Мы сегодня работаем на опережение. Задача государства – сохранить жизни и здоровье наших

граждан, обеспечить функционирование экономики и потребительского рынка. Медлить нельзя.

Одновременно, безусловно, мы должны держать в постоянной зоне внимания занятость и доходы наших граждан. Чрезвычайное положение и карантин, к сожалению, неизбежно ведут к сокращению деловой активности. Многие люди могут временно оказаться не просто без работы, но и без средств к существованию. Мы знаем, что уже есть вопросы по жителям Алматинской области, которые постоянно или временно работают в Алматы. Это порядка 500 тысяч человек, добавьте к ним членов семей, и мы достаточно объемно представим масштаб проблемы.

Считаю, что государственные органы, депутаты должны обратить на эту ситуацию самое пристальное внимание. Нужны нестандартные, смелые решения. Для успешной борьбы с эпидемией нужны воля и решительность, а также осторожность.

Уважаемые депутаты! Также хочу проинформировать, что есть предложение перечислить однодневный заработок депутатов и Аппарата Сената в фонд борьбы с вирусом. Нет возражений?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Если кто-то желает дать больше, никто не будет возражать.
Поддерживаете?

ОРНЫНАН. Поддерживаем.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер! Бізге ертеңгі күнге сеніммен қарап, бойымыздағы үрей мен күдіктен арылу қажет. Әлем жұртшылығына «темір ханым» деп танылған Маргарет Тетчер: «Біздің қорқыныштың 90 пайызы ешқашан болмайтын нәрсе туралы» деген.

Қазіргі таңда баршамыз бәрі жақсы болатыны туралы ойлап, жақсылықтан үміттенуіміз керек. Біз талай сында шыныққан мықты халықпыз. Біз бәрін жеңеміз.

Алдағы сенбі күні жарқын мерекеміз Наурыз келеді. Бұл көктем мерекесі, жандану мен гүлдену мейрамы, үміт пен жаңару мерекесі.

Баршаңызға денсаулық пен бар жақсылықты тілеймін. Наурыз бізге бұл жылы тек бақыт алып келсін, қайғы мен ауыртпалықтан арылтсын.

Осымен отырысты жабық деп жариялаймын. Рақмет. Аман-сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Д. НАЗАРБАЕВА

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 19 наурыз

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Бразилия Федеративтік Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Договора между Республикой Казахстан и Федеративной Республикой Бразилия о взаимной правовой помощи по уголовным делам», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Бразилия Федеративтік Республикасы арасындағы адамдарды ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Договора между Республикой Казахстан и Федеративной Республикой Бразилия о выдаче лиц», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Бразилия Федеративтік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Договора между Республикой Казахстан и Федеративной Республикой Бразилия о передаче осужденных лиц», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары
М.М. АХМЕТЖАНОВТЫҢ баяндамалары**

Доклады заместителя Генерального Прокурора Республики Казахстан
АХМЕТЖАНОВА М.М. 1

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В. 3

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Р.Қ. ӘБДІКЕРОВТІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам АБДИКЕРОВА Р.К. 4

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БЕКНАЗАРОВА Н.К. 4

Сөз сөйлеген:

Выступил:

САФИНОВ Қ.Б. 5

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 15 тамыздағы Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассі паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о присоединении Республики Армения к Соглашению о введении единых форм паспорта транспортного средства (паспорта шасси транспортного средства) и паспорта самоходной машины и других видов техники и организации систем электронных паспортов от 15 августа 2014 года», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі А.Қ. ЕРЖАНОВТЫҢ баяндамасы

Доклад вице-министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан ЕРЖАНОВА А.К. 7

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі М.М. БОРТНИКТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству БОРТНИКА М.М. 8

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. 9

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі

жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменения в Протокол об условиях и переходных положениях по применению Кыргызской Республикой Договора о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года, отдельных международных договоров, входящих в право Евразийского экономического союза, и актов органов Евразийского экономического союза в связи с присоединением Кыргызской Республики к Договору о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года, подписанный 8 мая 2015 г.», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Ә.А. СМАЙЫЛОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра финансов Республики Казахстан СМАЙЛОВА А.А. 10

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Ә.С. ҚҰРТАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству КУРТАЕВА А.С. 11

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. 11


ЖОЛДАСБАЕВ М.С. 12

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева